

**«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ,  
«КАСПИЙ ЦЕМЕНТ» ЖШС және «МАҢҒЫСТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ  
КОЛЛЕДЖІ» МКҚК АРАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК  
БІЛІМДІ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ  
МЕМОРАНДУМ**

«Маңғыстау облысының білім басқармасы» ММ ( бұдан әрі - «Басқарма»),  
басшысы А.А. Сейдалиев тұлғасында,

«Каспий Цемент» ЖШС бас директоры Ю.А. Усольцев (бұдан әрі –  
Кәсіпорын) және,

«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК директоры Б.Б. Аманиязов  
тұлғасында ( бұдан әрі - «Оқу орны») Тараптар деп аталушылар, техникалық және  
кәсіптік білімді кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы осы  
Меморандумға қол қойды.

Осы Меморандум Қазақстан Республикасының Президентінің «2030 жылға  
дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясын жүзеге асыру бойынша әр қарайғы іс  
шаралар туралы» 6 сәуір 2007 жылғы №310, «Қазақстан Республикасында білім  
беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік  
бағдарламасы» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын және  
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын орындау мақсатында  
әзірленген, сонымен қатар, оған қол қойған Тараптар өз күзиреті шегінде осы  
Меморандуммен бекітілген міндеттерді өздеріне жүктейді.

**I. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары**

1. Осы Меморандумның Тараптары Меморандумның шарттарын мүлтіксіз  
сақтайтын, бір-бірінің мүдделерін қадірлейтін, жан-жақты өзара қарым-  
қатынастың нығаюына ықпал жасайтын болады.

2. Өзара қажеттіліктер мен мүдделерді ескере отырып, тең құқықтық  
қағидаларының негізінде Маңғыстау облысының кәсіпорындары үшін  
мамандарды мақсатты даярлау саласында ынтымақтастықты дамыту.

3. Инженер – педагогикалық қызметкерлер мен білім алушы жастардың  
мүдделеріне тиісті Меморандумға енгізілген және басқа да әлеуметтік  
экономикалық проблемалар бойынша қабылданатын шешімдер, нормативтік  
құқықтық актілер туралы бір – бірін ресми хабардар ету.

4. Меморандумға енгізілмеген, бірақ өзара мүддені білдіретін барлық  
деңгейдегі мәселелерді қарауға Тараптар өкілдерінің қатысуына мүмкіндікті  
өзара қамтамасыз ету.

5. Кадрлар даярлау, қайта даярлау және осы Меморандумның орындалуы  
бойынша әлеуметтік ынтымақтастық тәжірибелері туралы материалдарды  
Тараптардың ресми сайттарында орналастыру.

**Тараптар міндеттенеді:**

**«Маңғыстау облысының білім басқармасы» ММ:**

6. Біліктілік арттыру және кадрларды қайта даярлау бойынша белгіленген мерзімде инженер – педагог кадрлардың кәсіптік даярлығын, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

7. Техникалық және кәсіптік жүйенің тартымдылығын, беделін, бейнесін көтерудің ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

8. Бітірушілер туралы мәліметті, оның ішінде мәліметтің электрондық базасын өндіру арқылы өндіріс мекемелеріне хабарлау.

9. «Оқу орны» ұйымдарына кәсіби мамандарды дайындауға ықпал ету.

#### **«КаспийЦемент» ЖШС:**

10. Қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысуын қарастырады.

11. Біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарға, өзгеретін модульдік бағдарлама, өндіріс талабы келісімімен, оқу бағдарламасын дайындауға қатысуға құқылы.

12. Өндірістік мүмкіндік болғанда, компанияның қызметіне нұқсан келмейтін жағдайда және алдын ала келісілген мерзімде компания мамандарын оқу орнының оқу - өндірістік процесіне тарту.

13. Кадрларды дайындау мемлекеттік тапсырмасын қалыптастыруға қатысу.

14. Оқу орындарында оқитын білім алушылардың практикалық оқудан және өндірістік және диплом алды практикадан өтуіне өндірісте орын дайындауға құқылы.

15. Өндірістік мүмкіндік болғанда, компанияның қызметіне нұқсан келмейтін жағдайда және алдын ала келісілген мерзімде, «Жұмыс беруші» кәсіпорындарында «Оқу орнының» арнайы пән оқытушыларын және өндірістік оқу шеберлерін тәжірибеден өтуге мүмкіншілік беру.

16. «Оқу орны» оқушыларын келісім тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулерді орындауға, жаңалықтарды ойлап табу және зерттеу жұмысын орындауға тарту.

#### **«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК:**

17. Техникалық және кәсіптік білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, халықаралық сарапшыларды жеке жұмыс берушілердің қатысуымен техникалық және күтім көрсету еңбегі мамандықтар біліктілігіне талаптар бойынша жетілдіру және ұсыныстарды енгізу.

18. Жоғарғы оқу орындарына білімін жалғастыру үшін техникалық және кәсіптік білім алған түлектеріне қысқартылған мерзімде оқу бағдарламасын құру.

19. Оқу орны оқытушыларының және өндірістік оқу шеберлерінің біліктілігін арттыру үшін, соның ішінде шетелде, еңбек нарқының талаптарына сәйкес қайта даярлау курсынан өтуге қамтамасыз ету.

20. Кәсіпорындарды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

## II. Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қолданылу мерзімі

21. Тараптар осы Меморандумды бірлескен қызмет бойынша заңды және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайтын ниет декларациясы ретінде қарастырады. Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумның талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

22. Тараптар сондай-ақ осы меморандум шеңберіндегі ешқандай іс-әрекеттер Тараптардың бірде-бірінің қандай да бір өкілеттіктері мен құқықтарына қысым жасамауға тиіс екендігін негізге алады. Егер өзара өзге уағдаластықтарға қол жеткізілмесе, Тараптар осы Меморандумның ережелерін іске асыруға байланысты іс-шараларға қатысу жөніндегі шығындарды өздері көтереді.

23. Тараптардың өзара келісулері бойынша осы Меморандумның біртұтас бөлігі болып табылатын және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын хаттамалар жүргізілуі арқылы жазбаша рәсімделетін Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

24. Осы Меморандум оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді, Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтату туралы ниетін жазбаша хабарлама арқылы басқа Тарапқа жолдаған сәтке дейін қолданылады.

25. Ынтымақтастықтың әр бағыты бойынша Тараптардың міндеттерін жүзеге асыру қосымша жасалатын келісім шарттармен және келісімдермен анықталып айқындалады.

26. Осы Меморандумды қолдануға және түсінуге қатысты тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара ақылдасу және кеңесу арқылы шешілетін болады.

27. Осы Меморандумға әрқайсысы бірдей заңдық күшке үш данадан: мемлекеттік тілде, орыс тілінде қол қойылды.

28. Бұл меморандумға қол қою Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылында 2020 жылдың 6 наурызында жасалды.

«Маңғыстау облысының  
білім басқармасы» ММ

А. А. Сейдалиев

2020 ж

«КаспийЦемент» ЖШС

Ю.А. Усольцев

2020 ж

«Маңғыстау техникалық  
колледжі» МКҚК

Б. Б. Аманиязов

2020 ж

